



# Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының психологиялық ерекшеліктері



Девиантты мінез-құлық және сондай жастармен жұмыс жүргізу тақырыбы шетелдік ғалымдар тарапынан мол зерттелген. Олардың аттарын тізіп шығудың өзіне көп уақыт кетеді. Ал, отандық ғалымдарымызға келетін болсақ, аталған тақырып бойынша еңбектер санаулы. Олардың көпшілігі ғылыми мақала түрінде ғана. Джаманбалаева Ш.Е., Казымбетова Д.К. еңбектерінде Қазақстандағы девианттық мінез-құлық, осындай жастармен жұмыс жүргізу жайы, жалпы проблемалары қарастырылған. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесін арнайы зерттеу нысанына айналдырған еңбектер жоқтың қасы, сонымен қатар қазір девиантты мінезді алдын алу мақсатында түрлі дағдарыстық орталықтар құрылып жатыр. Осындай мәселелерді шешуге бағытталған іс-шаралардың аздығы арасындағы **қарама-қайшылық** туындап отыр. Бұл қайшылықтардың шешімін табу, біздің зерттеу проблемамыздың көкейкестілін анықтайды. Сондықтан да, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: «Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының психологиялық ерекшеліктері» деп анықтауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазіргі кезеңдегі мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы ерекшеліктерін жан-жақты эксперименттік тұрғыдан зерттеу.

**Зерттеу нысаны:** Қазіргі кезеңдегі мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы.

**Зерттеу пәні:** Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау ерекшеліктері.

**Зерттеудің негізгі болжамы:** Егер мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдермен психокорекциялық әдістерді тиімді қолданса, онда олардың өзін-өзі бағалау деңгейіне оң ықпал етеді.

**Зерттеу базасы:** Зерттеу № 23 орта мектебінің оқушылары және Тараз политехникалық колледжінің білімгерлері.

## Зерттеу міндеттері:

- өзін-өзі бағалау мәселесі бойынша теориялық материалдарды талдау;
- мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларға байланысты психокоррекциялық бағдарламаларын ұсыну.
- мінездегі ауытқушылық мәселесіне теориялық және әдістемелік талдау жасау, сараптау, бақылау
- орталықта, арнайы мектепте, жалпы мектепте мінезінде ауытқушылығы бар балаларға психологиялық көмек көрсету жүйесін орнату, құру.

**«Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктері мен ғылыми теориялық негіздері»** деп аталатын бірінші бөлімде девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінездерін, қарым-қатынастарын, өзін-өзі бағалауларын, жеке тұлғаларын, оларды тәрбиелеудің қазіргі қалыптасқан жүйесін зерттеу, болашақтағы ары-қарай дамуына тигізетін әсерлері, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру ерекшеліктері, соған психологиялық көмек көрсету жолдары анықталады.

**«Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін эксперименттік тұрғыдан зерттеу»** деп аталатын екінші бөлімде жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарының алдын алу шараларын ұйымдастыруда қажет болатын ресурстардың мектепте бар екеніне көз жеткізілді. Ата-аналарға жүргізілген сауалнамалар барысында төмендегідей өзгерістер байқалды: ата-аналардың көпшілігі мектептегі алдын алу шараларына қатынасуға деген қызығушылығы артты, педагогтарға кінә артатын ата-аналардың пікірі өзгеріп, балаларының девианттық мінез-құлқының негізгі себептеріне талдау жасалды.

Жалпыға бірдей мектеп оқушылары мен мінез-құлықтарында ауытқулары бар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы деңгейін анықтауға байланысты келесі реттегі эксперименталдық әдістемелер қолданылды:

Т. Дембо-С.Я.Рубинштейн әдістемесі өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған.

Эксперимент барысындағы Т. Дембо-С.Я. Рубинштейннің өзін-өзі бағалау әдістемесінің негізгі мәні: ол сыналұшы оқушының алдында жатқан таза ақ қағазға тігінен сызық жүргізіледі.

Кейін сыналұшының өз мінезін бағалауына келгенде келесі реттегі сұрақтарды ұсындық: «Сенің мінезің қандай?», «Сен неге олай ойлайсың?», «Сенің мінезіңнің қандай жақсы және жаман қасиеттері бар?»- деген сұрақтар қойылды.


Сыналұшының бақыты жайлы бағасына келгенде: «Сен өзінді бақыттымын, - деп санайсың ба?», «Әлде бақытсызбын, - деп ойлайсың ба?», «Неге?», «Бақытты болу үшін саған не жетіспейді?»- деген сұрақтар қойылды.

Кесте. Мінез-құлықтарында ауытқулары бар және жалпыға бірдей мектептің 6 сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауының көрсеткіш деңгейі (%)

Мінез-құлықтарында ауытқуы бар жасөспірімдер топтарындағы оқушылардың көбісі көрсетілген қасиеттер бойынша балалардың жалпы санының 53%, 47%, 56%, 50% өзіне қанағаттанудың төменгі деңгейінде болады.

Бағалау шкаласы	Арнаулы мектеп-интернаты			Жалпыға бірдей мектеп		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Үлгерімі	27	20	53	43	30	27
Ақыл-ойы	33	20	47	40	17	43
Мінезі	27	17	56	33	27	40
Бақыты	37	13	50	47	20	33






1-сурет. Мінез-құлықтарында ауытқулары бар және жалпыға бірдей мектептің 6 сынып оқушыларының өзіне қанағаттануының төменгі деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші (%)

3-кесте. Мінез-құлықтарында ауытқулары бар жасөспірімдер және жалпыға бірдей мектептің 8 сынып оқушыларының өзін - өзі бағалауының көрсеткіш деңгейі (%)

Бағалау шкаласы	Интернат жасөспірімдері			Жалпыға бірдей мектеп		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Үлгерімі	23	30	47	27	33	40
Ақыл-ойы	23	33	44	30	37	33
Мінезі	30	23	47	44	23	33
Бақыты	40	17	43	50	20	30



2-сурет. Мінез-құлықтарында ауытқулары бар және жалпыға бірдей мектептің 8 сынып оқушыларының өзіне қанағаттануының төменгі деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші (%)

Кесте. Тұлғаның өзін-өзі бағалауының көрсеткіші (пайыз бойынша)

Жалпыға бірдей мектеп және интернат оқушыларының өзін-өзі бағалауының ерекшеліктерін талдау барысында бірнеше айырмашылықтар байқалды. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей жалпыға бірдей мектептің 6 сыныптарында 23%, ал 8 сыныпта 23%, сондай-ақ, интернатта тұратын 6-сынып оқушыларында 20 %, 8-сыныпта 17 % көрсеткіші белгіленді.


Деңгейлер	Интернатта тәрбиеленушілері		Жалпыға бірдей мектеп	
	6 сынып	8 сынып	6 сынып	8 сынып
Барабар түрде бағалауы	17	27	20	30
Жоғары бағалауы	20	17	23	23
Төмен барабар емес түрде бағалауы	23	13	17	10
Төмен бағалауы	27	20	23	17
Жоғары барабар емес түрде бағалауы	13	23	17	20

Өзін-өзі бағалаудың төмен болуы девиантты мінез-құлықтың барлық түрлеріне тән болып келеді. Егер жасөспірімдердің өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейіне ие болса, онда ол барлық қарым-қатынас жағынан өз-өзін сыйлы құрметке лайықты емес деп есептеп қабылдайды. Өзін-өзі бағалаудың төменгі деңгейіндегі оқушы әрқашан өз-өзіне жағымсыз қарап, белсенді қарым-қатынастардан, іс-әрекеттерден қашуға тырысады.

Сонымен қатар, жоғары деңгейде жалпыға бірдей мектептің 6 сыныптарында 20%, ал 8 сыныпта 23%, сондай-ақ, мінез-құлықтарында ауытқулары бар оқушылардың 6-сыныбында 17 %, 8-сыныпта 17 % көрсеткіші белгіленді.

Жоғары деңгейдегі өзін-өзі бағалау көбінесе жасөспірімдердің құрбыларымен қарым-қатынастары сәтті болмаған кезде кездеседі. Яғни оларды сыйламай, ақылсыз деп ойлаған құрбыларына қарсы, олар өздерін «Мен барлықтарынан да жоғарымын» деген ұстанымды таңдайды.

Зерттеу мәселесінің шеңберіне байланысты жүргізілген коррекциялық жұмыстарының эксперименталдық нәтижелерін ұсынамыз.



Зерттеу барысында әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жәрдемнің төмендегідей бөліктері анықталды: диагностикалық көмек (баланың мінез-құлқындағы ауытқулардың себебін анықтау, оған ықпал етудің қолайлы психологиялық-педагогикалық амалдарын таңдау, мәселелерді шешуге қажетті жағымды психологиялық жағдайларды қалыптастыру); кеңес беру (жоғары сынып оқушыларына кеңес беру шараларын ұйымдастыру); тәжірибелік (көмекті қажет ететін оқушыларға арналған белгілі бір шараларды таңдау және жүзеге асыру); болжау арқылы жәрдем беру (қауіпті ықпалдарды жою мүмкіншіліктерін анықтау және оқушының экзистенциалдық саласын дамыту).



Қорытынды зерттеулер жоғары сынып оқушылары тұлғасында пайда болған өзгерістерге сүйене отырып жүзеге асырылып жатқан бағдарламалдың тиімділігі жайлы ақпарат алуды мақсат етеді. Бағалаудың субъективтік көрсеткіші ретінде мыналарды таңдадық:

- 1) жағдайға байланысты алаңдаушылық дәрежесі;
- 2) агрессия деңгейі;
- 3) тұлғаның жалпы психикалық күйі.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мінез-құлқында ауытқушы бар балалардың мінезін, қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалауы сонымен қатар жеке тұлғасын зерттеуге, баланың ары-қарай дамуына тигізетін әсерімен міндеттеледі. Және соған психологиялық көмек көрсетіп, күресу.

Осы жолға қойған мақсаттарды орындағанда ғана оқушылар мен жасөспірімдердің барлық топтарымен және типтерімен өткізілетін түзету оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық дифференциация жолымен жүргізуге мүмкіндік береді. Қандай да бір оқушыны бағалап пікір айтпаған жөн (нашар, артта қалған, бетімен кеткен, ауытқушы, мінез-құлқы бұзылған, қарым-қатынасы жоқ және т.б.).

«Жақсылық етсең, жетерсің мұратқа,  
жаманға ерсең қаларсың ұятқа» т.б –  
осындай нақылды сөздерді оқи  
отырып, мінез-құлықтың үлгі нормасы  
ретінде қабылданады. Отбасы  
жағдайында мұндай ізгі өмірлік мәні  
зор кез келген мәселені шешуде өзара  
түсінушілігі мен бірлігін нығайтады.  
Қолайлы психологиялық ахуал  
нәтижесінде ата-аналар мен  
жасөспірімдер арасындағы мейірімді  
қарым-қатынас жоғалмаса екен деп  
аяқтағым келіп отыр.

Назарларыңызға рахмет!